

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 163 – 168

**TRADITIONAL AITYS: GENRE ISSUES****R.T.Almukhanova**

Kazakh National University of Art, Astana, Kazakhstan  
E-mail: riza\_almuhanova@mail.ru

**Key words:** literary, genre, folklore, story, poet.

**Abstract.** This article focuses on the development of genre specifics of the aitys. Even in the first quarter of XX century the scientists such as M.Auezov, H.Dosmukhameduly and others have outlined the main features of this genre. However, due to the vast poetic heritage, and also because of the specific features of the aitys of pre-revolution period - oral transmission from generation to generation has opened the possibility of syncretic development with other genres, which in some cases resulted in complicated definition of the main genre character.

In this article, revealing those "not appropriate" aitys, the author emphasizes the main criterion of traditional aitys, and clearly demonstrates by published texts. Also the complicated-syncretized texts that can help to identify the main criterion of aitys, have been analyzed.

In "Kazak Adebietiniin tarihi. Folklorlik kezen" (2008), the author of this article wrote and reconsidered the systematization of aitys, that is, they are divided into folklore and author's aitys. Presented article is a logical continuation of this research.

The novelty of this research is that besides main characteristics, we should pay attention to the temporary space, while in the epics it differs from aitys, that is definitely present time is the inherent feature of aitys.

УДК 398(=512.122)

**ДӘСТҮРЛІ АЙТЫС: ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР****Р.Т.Алмуханова**

Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана, Қазақстан

**Түйін сөздер:** әдебиет, жанр, фольклор, сюжет, ақын.

**Аннотация.** Бұл мақала дәстүрлі айттыстың жанрлық ерекшеліктеріне арналды. Өйткепі, айттыс деп қазақ поэзиясында тек сыртқы пішіні ғана ұқсас туындылармен бірге жариялаған басылымдарды қайта зерделесу қажет. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (2008) кітабында осы мақаланың авторы жалпы айттыстарды фольклорлық және ақындық айттыс деп жіктең, оларды ерекшеліктеріне карай айырып карау керектігін жазған. Ұсынылып отырған бұл мақаланың жаңалығы: айттысқа жинактарында жарық көрген жанрлық талапқа сай емес өзге сипаттағылардың бөлектігі сараланды, бұл жанрды айқындаушы ретінде айттылатын сөз майданы, «айтысып жатыр» деген қолданыстарды толықтыратын тағы бір шарт: айттыстың өзге поэзиялық жанрлармен сабактастырының алған жағдайларда оны ажыратудың бір жолы – жырлардағы уақыттан бөлектігі, яғни нақ осы шақ талабы болуы тиіс.

**Кіріспе.** Айттыс – қазақ әдебиетінде ұдайы зерттелетін жанр. Өйткені, айттысқа деген құмарлық әдеби жанрларды дамытты және қоғамның әр кезеңінде өзіндік жаңашылдыққа жетелеуде. Оның бір дәлелі – ақындардың жансызы заттармен «айтысуы». Ал бұларды алғашында ақындық айттыстармен қатар қойған кездер болды және кейбір басылымдарда әлі күнге дейін жанрлық сипаттын айқындауда адасушылықтар кездеседі.

**Зерттеу әдістемесі.** Әдебиеттану саласында қалыптасқан салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды.

**Зерттеу нәтижесінде** сырт көзге тек пішіні жағынан ғана айтысқа ұқсас болғаны үшін «адасып» жүрген шығармалар зерделенді, ақындардың шығармашылық лабораториясын зерттеу барысында жанрлық атаулардың дұрыс қолданылуы да ескерілуі қажет екені анықталды. Аузыша тараған шығармалардағы синкреттілік орын алған жағдайлардагы басты айырым-белгілер сараланды.

**Зерттеу нәтижелерін қолдану** аясы кең, ғылыми енбектерге, жоғары оқу орындарындағы студенттерге, қалың жұртшылықтың рухани сұранысын қанағаттандыру мәселе мен мүмкіндік мол.

**Нәтиже:** Қазақ поэзиясындағы жанрлардың терминдік белгілеріне катаң мән беру қажеттігі айқындалды және осы көзге дейін жарық көрғен айтыс жинақтарында жанрлық тұрғыдан «адасып жүрген» шығармаларды талдау негізінде дәстүрлі айтыстың басты айырым-белгілері нақтыланды. Айтысты өзге жанрлардан, мәселен, әпостан айыратын нақ осы шақ болатыны да анықталды.

Ру айтысы ақындар айтысының қалыптасуына негіз салғаны шындық, бірақ сонымен бірғе дөл осындай тану белгілі деңгейде шектеулік жасайтынын да ескеру керек. Өйткені, бұл айтыстарда сол дауірдеі халықтың тұрмыс-тіршілігі, яғни экономикасы, дәстүрі, т.б. сан-салалы мәдениеті көрінетінде де айтуға тиіспіз.

Айтыстың 1960 жылдардағы басылымдарынан көз үйренген «Нарманбет пен торы аттың айтысы», «Кожамқұл ақынның көкшолақ атымен айтысканы» деғендегі мәтіндер бір ақынның төл шығармалары деп бағалануы тиіс. Шынында да, ақынға «қарсылас» болып көрінетін ат немесе домбыра, не қасқыр, шын мәнінде, «айтыска түсетін» ақын еместігін бүғінгі адам айқын түсінеді, бұларды ақынмен айтысты деп, ешкімді сендей алмаймыз.

Ежелгі дауірдің адамдары мифтік сананың ықпалымен жаз бен қысты айтыстырғанымен, бұған бүғінгі адам сенбейді, бұлар да сондай. Бүғінгі көзі ашық халықты домбыра не қарға, т.т. Құдай сөйлеу кабілетін бермеген заттар мен жануарлар адаммен айтысты деп сендейру мүмкін емес.

Сондай-ақ ғұрыптық «айтыстар» тек сыртқы түрі үшін ғана ақындық айтыстың қатарында жарияланып келді. Тек соңғы кезеңдердегі зерттеулердің нәтижесі жанрлық ерекшелікті тұрақты ұстая қажеттігін алға тартып. 2008 ж. жарық көрғен «Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең» атты 1-томында фольклорлық айтыс және ақындар айтысы деғен жіктеу жасалды. Осы жіктеу бойынша бұрын салт-дәстүр айтыстары деп берілген «айтыстар», шынында, фольклорлық сипатта екені анық айтылды [1, 681-б.].

Ал ақындар айтысының басты ерекшелігін Х.Досмұхамедұлы: «Көшпелі өмір салтында, рулық қоғамда жеке адам мен ру шешуші рөл атқарады. Бәсекеге түскен әрбір ру тек өзінің билері мен батырларын ғана емес, қарсыласына дес бермейтін дарынды ақындарын да орынды мактан тұтады. Қазақ арасындағы осы ру мен ата, жеке адамдар бәсекелесі сөз жарысы – айтыс арқылы өте жіңі көрініс табатын.

...Әркайсысы өзін, атакты аталастын, руын, жұртын, т.б. мактай отырып, қарсыласының, оның аталастарының, руластарының, жұртының, т.б. кем-кетіктерін, қате басқан қадамдарын, ұятты істерін қазбалап, тізе бұқтіруға тырысады [2, 288-б.], – деп, айтыстың басты ерекшелігін таныған, яғни мактану да, қарсыласын сынау да – осы бір айтыстың ішінде орын алатынын баса айтқан.

Ақындар айтысы болған соң, сөз сайысының «кейіпкерлері» ретіндегі қызмет екі ақынға жүктеледі, бұл – жанрлық бұзылmas шарт. Қазақтың дәстүрлі қоғамында құрдастар немесе нағашы-жисен, т.б. өз орын білетін адамдар әзілдесін, бір-бірінің сыртынан «айтыстар» тудырған жағдайлар да кездескен. Бірақ кейіпкер ретінде есімдері көрсетілген бұл адамдардың арасында шын айтыстың болмағанын ойлау керек. Сол сияқты 1965 ж. «Айтыс» және кейбір жеке ақындардың шығармашылығына арналған жинақтарда бұл қағида ескерілмей қалған. Мәселен, Кете Жүсіп пен Күзен арасында таза ақындық айтыс жок. Өйткені, Жүсіп әйелінің атынан өзі жазғаны 1965 ж. «Айтыс» жинағының сонында берілген түсінікте [3, 642-б.] жазылған, бірақ оған мән берілмеген. Ендеше оны ақындар айтысына қосудың жөні жок. Сол сияқты Шал (Тілеуке) Құлекеүліның шығармаларының арасындағы «Шал мен кемпірі» деғендегі ақындар айтыс деп қарауға мықты дәлел жок.

Жаңарды оның сыртқы түрі айқындарының, «айтыс» деғен сөздің мазмұны – осыған айғақ. Сондай-ақ:

Айтыссан, кәне, кел айтыс,  
Тимей жатып туламай.  
Мен емес сенен қашатын,  
Айтыса алмай сасатын.  
Сен секілді желікті  
Албастым бар басатын, –

деумен тәмамдалған Асаубай мен Құлтуманың [4, 30-б.] арасында таза ақындық айтыс болды деуғе келмейді. Мұнда сөз қағысу – сайысқа шақыру деңгейінде ғана қалған, айтысқа тән даму жок.

Сондай-ақ екі ақын қатысканымен, таза ақындық сөз сайысы жок шығармалар да бар. Ақынға кара сөзден өлең онай, көмейінен жыр төғілген ақындардың жайдак сөйлеуі мүмкін де емес. Аузын ашса, өлең төғілген ірі ақындардың көніл айтуы да, жұбатуы да, жоктауы да – бәрі өлеңмен «айтыс» формасына түскен.

Оның үлгісі – 1988 ж. «Аралбай мен Қашағанның айтысы» деп жарияланған мәтін. Баласынан айрылып отырған қаралы Аралбайдың:

Менің немді сұрайсын,  
Мен бір жүрген боз мая,  
Тұлымбына келіп, үңілген.  
Мен бір жүрген ақ киік  
Ұзын судың бойында  
Лағын іздең жүгірген..., –

деген сөздерінен-ақ мұның жоқтау екенін түсіну қын емес. Ал күтпеген жерден жайсыз хабарды естіген Қашағанның жайдактықка салынбасы тағы да аян. Осылайша қос ақынның бірі жоқтау айтып, іштегі шерін шығарса, халықтық дәстүрмен «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, Қанаты бүтін сұңқар жоқ» деген жұбатуы шабысы мықты ақындық қуатты танытады, бірақ жанрлық тұрғыдан бағалағанда, бәрібір, айтыс емес, ақындар шығармашылығындағы фольклорлық сананың көрінісі деп бағалануы тиіс.

Ақындық айтыс деген соң жанрлық ерекшелікті бекем ұстанғанда, «Сүйінбай мен Тезек төренін айтысындағы» [5, 51–60-б.] қарәктер аттың кейіпкер ретінде қосылғанын ескермеуге болмайды. Бұл шығарма революцияға дейінгі ақындар айтысының ауызша жеткенін ескеруді, осы себепті оның фольклорлық айналымға түсkenін мойындатады. Бірақ сонда да ақындар айтысын негізі сақталғанын ескеру қажет. Ал «Бақтыбай мен Тезек төре айтысын» ақындар айтысы деген атаумен шығатын жинаққа қосудың реті келmedі. Өйткені, Бақтыбай мен Тезек төренің ақындығына шәк көлтірмесек те, нақты шығарманың жанрлық табиғатын тани білуіміз қажет. Шын өмірде екеуі талай айтысқан болуы да мүмкін, бірақ дәл бізге жеткен осы шығармада айтыстың негізі сақталмаған. Оның себебі де түсінікті. Айтыс ұрпактан-ұрпакқа ауызша таралған, солайша екеуінің арасында шын айтыс, сөз сайысы орын алса да, ол сол қалпында жетпей, «бұзылып», жартылай ертеғілік, жартылай шешендік сөз жанрларының табиғатына ауысқан. Өйткені, мұнда Шернияз бен Баймағамбет сұлтан арасындағы «кездесуге» еліктеу де, «Осындаі болса екен» деген халық қиялышан қосылған қоспа да көп.

Шал (Тілеуке) Құлекеұлының жинағындағы «Шал мен дегдар қыз» да осындаі синкреттілікке түсін.

Негізі, айтысқа қосылатын шығармалардың өн бойынан «Айтысып жатыр» дегізетін көркемдік күш-куат бірден сезіліп тұрады. Шын мықты қарсылас сол артық кеткен сөздерге ұтымды жауап қайыра білуі шарт. Және ол ақын бүтін сөзден ұтылғанымен, бұл оның бүкіл шығармашылығына берілген соңғы пікірді тудырмайды. М.Әуезов: «В айтысе победа и поражение определяется не тем, что иссякнуть песни, а степенью и силой тяжущихся» [6, с.185] деп ескерткен, демек, әр айтыстың өз тарихы бар екенін ескерген жөн. Себебі: «Айтысканда екі күрескен балуандар сияқты, бірін-бірі аңиды, бірін-бірі бағады. Күрескендегі бірін-бірі жығу үшін істейтін әдіс-амалдарды, тәсілдерді мұнда да істейді» [7, 105-б.]

Мұны кезінде М.О.Әуезов айтқан. Өйтсе де, поэтикалық қуатты мықты ақындар арасындағы сөз сайысының кейбірі жанрлық сипатты анықтауда ойландырғандары да бар. Өсірессе, қағысу мен шешендік сөздің аракатынасын таразыға салғандай салмактау қажет.

Мұндайда салыстыру үшін Шернияз бен Баймағамбет сұлтанның қылышы дайын тұрған кезде басын аман сақтап, өз өмірін құтқарып қалу үшін айтылған Шернияздың сөздерін ақындық айтыс деп бағалауға сыймайды. Оның үстінен Баймағамбет айтысқа түсіп отырған жоқ, ақынның өмірін сұлтан қылыш арқылы шешпекші қаһар бар. Осыларды ойланғанда, Қадыrbай мен Байток арасындағы сөз майданы шешендік сөз жанры бойынша емес, қағысу – ақындардың айтыскерлік мықтылығының көрнекті дәлелі деп бағалануы тиіс. Мұнда Жәнгір ханының ақындарды айтыстыру талабы ғана орын алған, шешуші күш құралы қылыш емес. Осындаі ойлармен бұл мәтіп айтысқа қосылуы керек.

«Қадыrbай мен Байtok», «Шернияз бен қыз» айтысқа қосылғанымен, «Біржан, Орынбай, Шәже ақындардың айтқырлықтары» деген атаумен берілген шығарманың сипаты бұлардан бөлек. Өйткені, соңғы үлгіде айтыс жоқ, аңыз бойынша, ол ақындардың ода жанры бойынша бәйтеге түсүі сияқты орын алған. Накты айтқанда:

Керей Сағынайдың асына сауын айтылып, жан-жақтан жұрт жиналады. Сол аста басқа керейлермен бірге, ақындар бәйгесі де тігіледі – ақындардан Сағынайдың байлық-салтанаттық дәрежесін кімде-кім бір ауызға сыйғызып, жақсы өлең шығарып айтса, соған бас бәйге берілмекші. Жылған ақындардың ішінен Орынбай, Шәже, Біржан сал өлең бәйгесіне түседі. Бірінші сөзді Керей баласы деп, Біржанға береді, онан кейін Орынбай, Шәже айтады. Біржан:

Сағынай, Мәті-Дәулен жайындаисын,  
Тел өскең, сен қысырдың тайындаисын.  
Дәүлетің жеті атаңнан арылмаған,

Киіктің даладағы лағындаісін.

Орынбай:

Керейде Сагынай мен Мәті-Дәүлек,  
Көркің көпке, күндей боп түсер сәулен.  
Кеп айдың көрмегелі жүзі болды,  
Жүрмісің, есен-аман, өңкей сәулем?

Шөже:

Сағынай, Мәті-Дәүлек – егізімсің,  
Кол жетпес қабыргана семізімсің.  
Жеті атаң жеті рұға жетім берғен,  
Сонда да таусылмайтын тенізімсің. [8, 89-б.]

Мұнда женімпаз іздесудің қажеті көріпбейді.

Ақындар айтысы авторлы ауыз әдебиетіне қосылатыны анық, бірақ айтыстың өзі ауызша тараған мұра болғандықтан, ел арасындағы таланттардың «араласуынан» жанрлық өзгеруді бастаң кешетіндері бар. Мұны «Сауытбек пен Ақбөп» дәлелдейді. Ол бастапқыда айтыс болғанымен, кейін шығармашылыққа қабілетті ел адамдарының араласуымен жырға айналған. Бұл шығарманың «Бабалар сөзіпін» «Ғашықтық дастандар» томына қосылуы [9, 203–246-б.] дұрыс, өкілішке орай, кейбір зерттеушілер дәл осы жанрлық дамуды ескермей, соңғы кездегі еңбектеріне де айтыс деп көрсеткен.

«Тұбек пен Қарқабат» [3, 134 – 146-б.]та жанрлық түрғыдан өзгеріске түсken. Мұнда Қарқабат жад ауруына ұшыраған Тұбекпен айтысып, оны женуді мақсат етпейді. Ал бұл шығарманы оқи отырып, бастапқыда Тұбек пен Қарқабат арасында айтыс болуы мүмкін дегенмен, ел ішіндегі ақындар тарапынан сюжетті жырға бағыттау үдерісі басталғанын аңғартады. Өйткені, Тұбектің тілегімен Қолаба деген тәуіп келтіріледі, ол ақынды жылқының қазысына бөлеп, үш айда жазып, атқа мілгізеді. Сол сибере үшіп Тұбектің малы мен катынын альп, кетіп бара жатады, Қарқабат Арқадан кайтып келип, болған жағдайды біліп, тәуіптің артынан қуып барады. Екеуіпін арасында диалог орнаған, алайда, мұны Қарқабат пен тәуіптің айтысы деуге келмейді. Ақындық айтыстарда женуге деген ұмытылыс болуы – шарт, мұнда ол жоқ. Бұл шығарманың айтары: Қарқабат тәуіптен Тұбектің катының қайтаруды талап етіп, ақыры, отбасылы адамдардың басын қосады. Осылайша өзіндік шытырман оқиғасы бар сюжетті шығармаға айналғандықтан, мұны ақындық айтыстарға қосудын реті жоқ. «Араға үш ай салып, Қарқабат келеді де, тәуіптің артынан қуады» – осының өзі жырға еліктеушілікті аңғартады, яғни мұнда уақыт көністігі рөл ойнап тұр. Ал айтыста алыстан шакыртқан ақынды басқа жақтан алдыртқаны туралы айтылса да, дәл Қарқабат сияқты айтыстан бөлек мақсатты қөздейтіп кимыл, әрекеттерге орын жоқ. Яғни айтыс үстіндегі ақындардың бір-біріне сөз арнауы нақ осы шақты жеткізеді. Ақындарды алдыртуға кететіп уақыт, бәрібір, сол накты осы шақтың аясынан шықпайды.

Ал «Ақан мен Мұқан» айтысы бірнеше рет болған сыңайлы. Дегенмен бұл айтыста екі ақынға да Шыңғыс хан «замандас» болып шыққан. Бұл кейінгі жеткізуішілердің ықпалы болғандығын аңғартады. Мәселен, Мұқан:

Бір кезде болып едің жақсы халда,  
Сол кезде берғен саған олжа, мал да.  
Бұл кезде жарлы болып тақырландың,  
Кім келер титықтаған кедей шалға?  
Серілік енді саған неғе керек?

Бұл сөзді айтпап па еді Шыңғыс хан да, – десе,

Ақан да:

«Кыз ал», – деп шығушы еді Шыңғыс хан да,

Мазамды алушы еді анда-санда.

Ұнаған сұлұынды өзің таңда,

Керек болса, берейін дүнис-мал да.

Осы айтқаны Шыңғыстың әлі есімде,

Көңілім сонан бері сұлу жанда [10, 228– 229-б.], – деген.

Айтыскер ақындардың Шыңғыс ханмен замандас болмағаны белгілі. Сондықтан ақындық айтыс бойынша антологияға қосуға келмейді. Бұдан шығатын ой: халықтың қызығушылығы күшті болған себепті айтыстардың кейбірі фольклорлық айналымға түсіп, жанрлық өзгерістерді бастаң кешкен.

«Мәулімбай мен Айбала» Мәулімбайдың кіріспе сөзімен басталып, өзінің Айбалаға қалай барғанын баяндау, екеуінің арасында сөз қағысы болғанын жеткізу мақсатын көздеген. Сондықтан оны таза ақындық айтыстың катарына қосу қын, мұнда сол екеуара болған қағысады аңыз ретінде дамыта баяндау орын алған. Яғни аралық жаңрға түскен.

Айтыстарды саралау барысында революцияға дейінгі айтыстардың ұрпактан-ұрпакқа ауызша жетуінің де кейбір қыр-сыры ашыла түсті. Кейбір шығармаларды оки отырып, айтыстың екі ақын арасында болуы керектігін ойына салып, оның шынайылығына құдіктенетін де кездер болады. Сондай ой қалдырыған шығарманың бірі – «Шернияз бен қыз». Шернияздың ой жүйріктігі оның сөздерінде таңбаланған, алайда, дәл осы шығарма Шерниязға «қөлеңке» түсіретін сияқты. Дәлірек айтқанда, бұл фольклорлық айналымға түскен немесе өзенің Шернияз атынан шығарма «туындалатына» жол берілген бе деғен ой қалдырады. Деғенмен бұл арада кесімді төрелік жасау қын, сондықтан айтыстың катарынан орын алады.

Ақындардың «кездестірлуге» де өзіндік этиканың болғаны байқалады. Мәселен, Сарышолақ пен Кердери Әбубекір айтысқан деп көрсету бар. Алайда, мәтінге зер салған адам Әбубекірдің:

Шектінің басы Сырда, аяғы таулы қырда,  
Әлімнің батыр халқы құмар дауылды жырга.  
Сарышолақ дәм түсірді ауылға,  
Деғен бар, жібектен баулық ызба,  
Дуалы аузың орақ, қаның қызба,  
Айтысар өзіңменен қандай олақ.  
Шекерді катық етпес кара тұзға,  
Көңілді топ ішінде босқа бұзба.  
Карсақ аяқ, мысық бас,  
Басқан ізін білдірмес,  
Сынаптай сырғып су жұқпас,  
Өлсөн сөзге ілдірмес,  
Күзен шиыр, құр жүрмес,  
Тұлкі тұмсық, қыран көз  
Тұптең шұқыр насыр сөз,  
Айтысып адам тоқтатпас,  
Болдым Тәңір неғе кез [11, 304–305-б.], –

деп, айтыстан бас тартып, жыршылық сайысқа түседі», – деғен бар, яғни шын мәнінде, ақындар арасында айтыс болмаған. Осы мәтін соңындағы мәліметке сүйенсек, олардың кездесуі жыршылық сайыска ұласқан. Демек, ұстаз бен шекірт немесе халыққа өзін мойыннатқан тұлғаны сыйлағандықтан, онымен сөз жарыстырмайтын ұстаным да болған.

1965 ж. үш томдық жинақтың екіншісінде «Жұмбақ айтыс» берілген. Бірақ сұрыпсалма айтыспен салыстырғанда, жазбашаның табиғаты бөлек. Ақындар жұмбақ арқылы ғана емес, басқа да тірліктің мәселелері бойынша хатпен айтысқан, «дауласқан». Бірақ айтыс деғенде тек пішін жағынан сыртқы ұқсастықтан басқа ортақтық жок, импровизация көрінбейді. Ал жұмбақ айтыс импровизацияда да мол орын алған, яғни бұл тұрғыда жалпы айтыстың жаңрішлік түрлері сакталады.

Қазақ ұлттық өнер университеті Қорқыт атындағы ғылыми-зерттеу институты жоспарлаған жиырма бес томдық «Қазақ өнерінің антологиясының» алғашқы екі томы революцияға дейінгі 93 айтысты камтыды [12], [13] және бұл мақала осы жинақты дайындау барысында зерттеудің нәтижесі ретінде ұсынылды.

Макала авторы 1998 ж. «Халел Досмұхамедұлы – әдебиет зерттеушісі» деғен тақырыпта кандидаттық диссертация қорғағанда, оның және айтысқа қатысты зерттеулер жазған М.Әуезов, т.б. пікірлерін саралап, «Ақындар айтысы – рулық айтыстың неғізінде қалыптасты» деғен тұжырым жасады. Ру айтысы ақындар айтысының қалыптасуына неғіз салғаны шындық, бірақ сонымен бірғе дәл осындай тану белгілі деңгейде шектеулік жасайтынын да ескеру керек. Өйткені, бұл айтыстарда сол дәуірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, яғни экономикасы, дәстүрі, т.б. сан-салалы мәдениеті көрінетінін де айтуға тиіспіз.

Бұғынғы зерттеушілердің кейбірі өз рулас ақынын әсірелеп мақтайдындары бар. Бұл жеке пікір деғенмен, айтыс жанрының ерекшелігін сырт қалдырып, қарсылас ақынның сөздері тарихи фактіге сай еместігін айтып, оны мәдениетсіз, көрғенсіз деуғе болмайды. Ақындар бір-бірін қалайда жеңуді мақсат еткендіктен, кейде шындыққа жана спайтын артық сөздерге жол беруі айтысты сөз майданы деп қабылдаумен байланысты. Яғни айтыстың жанрлық ерекшелігін түсіну қажет. Шын мықты қарсылас сол артық кеткен сөздерге ұтымды жауап қайыра білуі шарт. Оның үстіне бұғын сөзден ұтылса, ол сол ақынның бүкіл шығармашылығына берілген соңғы пікірді тудырмайды. Ақындар сөз таба алмағандықтан емес, жүйелі ойға тоқтаған, әр айтыстың өз тарихы бар екенін ескерген жән.

Қорыта айтқанда, ақындық айтыстың басты шарттары: айтыс, шын мәнінде, екі адамның арасында өтуі және олардың арасындағы сөз сайысынан тайталасқа, бәсекеге деғен ұмтылыш, женіске деғен құлшыныс

сезілі қажет. Басқа жанрлардан ажырату үшін айтысқа тән нақ осы шакты көрсететін мезгілдің де болуы ескерілуі тиіс.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. – Алматы, ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
- [2] Классикалық зерттеулер. Қоғамдық – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2012. Т.9.XX гасыр басындағы Алаш әдебиеттанды. –368 б.
- [3] Айтыс. Т.2. – Алматы, Жазушы, 1965. – 664 б.
- [4] Айтыс. Қазақ халық әдебиеті: қоғамдық (ҚазССР Гылым акад. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты). Ғылыми түсініктерін жазып, баспаға эзірлегендер: Ә.Алманов (жауапты шығ.), С.Дәүітов, М.Жармұхамедов, Ф.Махмутова, Ф.Оразаева. – Алматы: Жазушы, 1988. –Т.2. –352 б.
- [5] Аронұлы С. Олең сөздің жарық жүлдізы. /Құраст., алғы сезін, түсініктерін жазған филология ғылымдарының докторы С.Садырбаев. – Алматы: RS, 2012. –124 б.
- [6] Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.28. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2007. – 440 б.
- [7] Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, Атамура, 2003. – 208 б.
- [8] Біржан сал Қожагұлұлы.Шығармалары. /Құраст.: Н.Оразбек. – Алматы, Қазақстан баспа үйі, 2013. – 384 б.
- [9] Бабалар сезі. Жүз томдық. – Астана, Фолиант, 2005. Т. 22. Гашуктық дастандар. 2003. – 304 б.
- [10] Ақан сері Корамсаұлы. Шығармалары. /Құраст.: И.Оразбек. – Алматы: ЖС «Қазақстан» баспа үйі, 2013. – 384 б.
- [11] Боранбайұлы С. Азаттық еді ансаған: Таңдамалы шығармалары. – Алматы, Ел-шешіре, 2011. –384 б.
- [12] Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс. Т.1. /Құраст.: М.Жолдасбеков, Р.Әлмұханова. – Астана, Құлтегін, 2014. –398 б.
- [13] Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс. Т.2. /Құраст.: М.Жолдасбеков, Р.Әлмұханова. – Астана, Құлтегін, 2014. – 397 б.

## REFERENCES

- [1] Qazaq adebietyinin tarihi. Folklorlyq kezen. – Almaty, QazAqparat, 2008. – 812 b.
- [2] Klassikalyq zertteuler. Kop tomdyq. – Almaty: «Adebiet Alemi», 2012. T.9.XX gasyr basyndagy Alash adebiettanuy. –368 b.
- [3] Aitys. T.2. – Almaty, Zhazushy, 1965. – 664 b.
- [4] Aitys. Qazaq halyk adebiety: Kop tomdyq (QazSSR Gylym akad. M.O.Auezov atyndagy Adebiet zhane oner instituty). Gylymi tusinikterin zhazyp, baspaga azirlegender: A.Almanov (zhauapty shygarushy), S.Dautov, M.Zharmuhamedov, G.Mahmutova, F.Orazaeva. – Almaty: Zhazushy, 1988. –T.2. –352 b.
- [5] Aronuly S. Olen sozdin zharyq zhuldyzy. /Qurast., algi sozin, tusinikterin zhazgan filolojia gyl.doctory S.Sadyrbaev. – Almaty: RS, 2012. –124 b.
- [6] Auezov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy. T.28. – Almaty: Zhibek zholy baspa uyi, 2007. –440 b.
- [7] Baitursynov A. Adebiet tanytqysh. – Almaty, Atamura, 2003.– 208 b.
- [8] Birzhan sal Qozhaqululy. Shygarmalary. /Qurast.: N.Orazbek. – Almaty, Qazaqstan baspa uiy, 2013. – 384 b.
- [9] Babalar sozi. Zhuz tomdyq. – Astana, Foliant, 2005. T. 22. Gashuktyq dastandar. 2003. – 304 b.
- [10] Aqan seri Qoramsauly. Shygarmalary /Qurast.: I.Orazbek. – Almaty: ZhS «Qazaqstan» baspa uyi, 2013. – 384 b.
- [11] Boranbaiuly S. Azattyq edy ansagan: Tandumaly shygarmalary. – Almaty, El-shezhire, 2011. – 384 b.
- [12] Qazaq onerinin antologiasy. Aitys. T.1. /Qurast.: M.Zholdasbekov, R.Almukhanova. –Astana: Kultegin, 2014. – 398 b.
- [13] Qazaq onerinin antologiasy. Aitys. T.2. /Qurast.: M.Zholdasbekov, R.Almukhanova. –Astana: Kultegin, 2014. – 397 b.

## ТРАДИЦИОННЫЕ ДИСКУССИИ : ЖАНРОВЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

**Р.Т. Алмуханова**

Казахский национальный университет , г. Астана, Казахстан

**Ключевые слова :** жанр литературы , фольклора, истории поэта .

**Аннотация.** Данная статья посвящена проблемам изучения традиционного айтыса – поэтического состязания акынов. В статье рассматриваются жанровые проблемы, также ряд важных аспектов.

Поступила 25.04.2016 г.